	<p>Қазақстан Республикасының біртұтастығы мен тұтастығын, оның аумағына қол сұғылмауын және бөлінбеуін бұзуды не мемлекетті ыдыратуды насихаттау немесе оған жария түрде шақыру, сол сияқты осындай мазмұндағы материалдарды тарату мақсатында дайындау, сақтау немесе тарату (б.1 бап.180)</p>	24	

в т.ч.	Адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып не қоғамдық бірлестік лидері жасаған не бұқаралық ақпарат құралдарын немесе ақпараттық-коммуникациялық желілерді пайдалана отырып жасалған не адамдар тобы немесе алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған дәл сол әрекеттер (б.2 бап .180)	25	
	Қазақстан Республикасының біртұтастығы мен тұтастығын, оның аумағына қол сұғылмауын және бөлінбеуін бұзу не мемлекетті ыдырату мақсатында жасалған әрекеттер (б.3 бап.180)	26	
Қарулы бүлік (181-бап.)		27	
в т.ч.	Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын құлату немесе өзгерту не оның біртұтастығы мен тұтастығын, сондай-ақ оның аумағына қол сұғылмауын және бөлінбеуін бұзу, сол сияқты билікті басып алу немесе ұстап тұру мақсатында қарулы бүлік ұйымдастыру (б.1 бап.181)	28	
	Қарулы бүлікке қатысу (б.2 бап.181)	29	
Экстремистік топ құру, оған басшылық ету немесе оның әрекетіне қатысу (182-бап.)		30	

	Экстремистік топ құру, сол сияқты оған басшылық ету (б.1 бап.182)	31	
в т.ч.	Экстремистік топтың әрекетіне немесе оның жасайтын қылмыстарына қатысу (б.2 бап.182)	32	
	Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, адам өзінің қызмет бабын пайдаланып не қоғамдық бірлестік лидері жасаған іс-әрекеттер (б.3 бап .182)	33	
	Диверсия (184-бап.)	34	
	Терроризм актісі (255-бап.)	35	
	Терроризм актісі, яғни жарылыс жасау, өрт қою немесе адамдардың қаза табуы, елеулі мүліктік залал келтіру не қоғамға қауіпті өзге де зардаптардың туындау қаупін төндіретін өзге де әрекеттер жасау, егер бұл әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның шешімдер қабылдауына ықпал ету, соғысқа арандату не халықаралық қарым-қатынастарды шиеленістіру мақсатында жасалса	36	

из них:	в т.ч.	, сондай-ақ аталған әрекеттерді дәл сол мақсаттарда жасау қатерін төндіру (б.1 бап.255)		
		Мынадай (б.2 бап .255)	37	
		Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер олар (б.3 бап.255)	38	
		Қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның шешімдер қабылдауына ықпал ету, соғысқа арандату не халықаралық қарым-қатынастарды шиеленістіру мақсатында жасалған, адам өміріне қол сұғу, сол сияқты дәл сол мақсаттарда, сондай-ақ мемлекет немесе қоғам қайраткерінің мемлекеттік немесе өзге де саяси қызметін тоқтату не осындай қызметі үшін кек алу мақсатында жасалған оның өміріне қол сұғу не халықаралық қорғауды пайдалантын адамдарға немесе ұйымдарға, ғимараттарға, құрылыстарға	39	

	шабуыл жасаумен, адамды кепілге алумен, ғимараттарды, құрылыстарды, қатынас және байланыс құралдарын басып алумен, әуе немесе су кемесін, жылжымалы теміржол составын не өзге де қоғамдық көлікті айдап әкетумен, сол сияқты басып алумен ұштасқан адам өміріне қол сұғу (б.4 бап.255)		
	Терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру (256-бап.)	40	
	Терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру, сол сияқты көрсетілген мазмұндағы материалдарды тарату мақсатында дайындау, сақтау немесе тарату (б.1 бап.256)	41	
в т.ч.	Адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып не қоғамдық бірлестік лидері жасаған не бұқаралық ақпарат құралдары немесе ақпараттық-коммуникациялық желілер пайдаланыла отырып жасалған не адамдар тобы немесе алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған дәл сол іс-әрекеттер (б.2 бап .256)	42	

	Террористік топ құру, оған басшылық ету және оның әрекетіне қатысу (257-бап.)	43	
в т.ч.	Террористік топ құру, сол сияқты оған басшылық ету (б.1 бап.257)	44	
	Террористік топтың әрекетіне немесе ол жасап жатқан терроризм актілеріне қатысу (б.2 бап.257)	45	
	Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып не қоғамдық бірлестік лидері жасаған іс-әрекеттер (б.3 бап.257)	46	
	Террористік немесе экстремистік әрекетті қаржыландыру және терроризмге не экстремизмге өзге де дем берушілік (258-бап.)	47	
	Жеке тұлғаға не адамдар тобына не заңды тұлғаға олардың қызметінің террористік немесе экстремистік сипатын не берілген мүлік, көрсетілген ақпараттық, қаржылық және өзге де қызмет түрлері террористік немесе экстремистік әрекетті жүзеге асыру не террористік немесе экстремистік топты, террористік немесе экстремистік ұйымды, заңсыз әскерилендірілген құралымды қамтамасыз ету үшін пайдаланылатынын көрінеу білген адам	48	

<p>В т.ч.</p>	<p>жасаған, ақшаны және (немесе) өзге мүлікті, мүлікке құқықты немесе мүліктік сипаттағы пайданы беруі немесе жинауы, сондай-ақ сыйғартуы, айырбастауы, қайырмалдығы, демеушілік және қайырымдылық көмегі, ақпараттық және өзге де қызмет түрлерін көрсетуі не қаржылық қызметтер көрсетуі (б.1 бап.258)</p>		
	<p>Бірнеше рет жасалған немесе адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып не коммерциялық немесе өзге ұйымда басқару функцияларын орындайтын адам не қоғамдық бірлестік лидері не алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған не ірі мөлшерде жасалған дәл сол іс-әрекеттер (б.2 бап.258)</p>	<p>49</p>	
	<p>Террористік не экстремистік әрекетті ұйымдастыру мақсатында адамдарды азғырып көндіру немесе даярлау не қаруландыру (259-бап.)</p>	<p>50</p>	
	<p>Террористік не экстремистік әрекетті ұйымдастыру мақсатында</p>		

в т.ч.	адамдарды азғырып көндіру немесе даярлау не қаруландыру (б.1 бап.259)	51	
	Адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып немесе кәметке толмаған адамға қатысты жасалған дәл сол іс-әрекет (б.2 бап .259)	52	
Террористік немесе экстремистік даярлықтан өту (260-бап.)		53	
Адамды кепілге алу (261-бап.)		54	
в т.ч.	Кепілге алынған адамды босату шарты ретінде мемлекетті, ұйымды немесе басқа да адамды қандай да бір әрекет жасауға немесе қандай да бір әрекет жасаудан тартынуға мәжбүрлеу мақсатында жасалған, адамды кепілге алу немесе кепіл ретінде ұстау (б.1 бап.261)	55	
	Мынадай (б.2 бап .261)	56	
	Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер оларды қылмыстық топ жасаса не олар абайсызда адам өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса (б.3 бап .261)	57	
Заңсыз әскерлендірілген құралымды ұйымдастыру (267-бап.)		58	
	Заңсыз әскерлендірілген құралымды құру, сол сияқты осындай	59	

в т.ч.	құралымға басшылық ету (б.1 бап.267)		
	З а ң с ы з әскерилендірілген құралымға қатысу (б.2 бап.267)	60	
	Ғимараттарға, құрылыстарға, қатынас және байланыс құралдарына шабуыл жасау немесе оларды басып алу (269-бап.)	61	
в т.ч.	Ғимараттарға, құрылыстарға (оның ішінде Қазақстан Республикасының континенттік қайраңында орналасқан стационарлық латформаларға), қатынас және байланыс құралдарына, өзге де коммуникацияларға шабуыл жасау, сол сияқты оларды басып алу (б.1 бап .269)	62	
	Мынадай (б.2 бап .269)	63	
	Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер оларды қылмыстық топ жасаса не олар абайсызда адам өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса (б.3 бап .269)	64	
	Әуе немесе су кемесін не жылжымалы теміржол составын айдап әкету, сол сияқты басып алу (270-бап.)	65	
	Әуе немесе су кемесін не жылжымалы теміржол составын айдап әкету, сол		

в т.ч.	сияқты айдап әкету мақсатында осындай кемені немесе составты басып алу(б.1 бап .270)	66	
	Мынадай (б.2 бап .270)	67	
	Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер оларды қылмыстық топ жасаса не олар абайсызда адам өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса (б.3 бап .270)	68	
Заңсыз қоғамдық және басқа да бірлестіктер құру, олардың қызметіне басшылық ету және қатысу (404-бап.)		69	
	Қызметі азаматтарға зорлық-зомбылық жасаумен немесе олардың денсаулығына өзге де зиян келтірумен ұштасқан не азаматтардың азаматтық міндеттерін орындаудан бас тартуына немесе құқыққа қарсы өзге де іс-әрекеттер жасауына түрткі болған діни немесе қоғамдық бірлестік құру немесе оған басшылық ету, сол сияқты діни негіздегі партия не Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған көздерден қаржыландырылатын саяси партия немесе кәсіптік одақ	70	

<p>в т.ч.</p>	<p>құру немесе оған басшылық ету (б.1 бап.404)</p>		
	<p>Нәсілдік, ұлттық, рулық, әлеуметтік, тектік-топтық немесе діни төзбеушілікті немесе артықшылықты уағыздайтын немесе оны іс жүзінде іске асыратын, конституциялық құрылысты күштеп құлатуға, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге немесе Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығына қол сұғуға шақыратын қоғамдық бірлестік құру, сол сияқты осындай бірлестікке басшылық ету (б.2 бап.404)</p>	<p>71</p>	
	<p>Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көрсетілген бірлестіктердің қызметіне белсенді түрде қатысу (б.3 бап.404)</p>	<p>72</p>	
	<p>Қоғамдық немесе діни бірлестіктің не өзге де ұйымның экстремизмді немесе терроризмді жүзеге асыруына байланысты олардың қызметіне соттың тыйым салу немесе тарату туралы шешімінен кейін олардың қызметін ұйымдастыру және оған қатысу (405-бап.)</p>	<p>73</p>	
	<p>Қоғамдық немесе діни бірлестікке не өзге де ұйымға қатысты олардың экстремизмді немесе терроризмді жүзеге асыруына байланысты</p>		

олардың ішінен	үндеухаттар	2	
	кітаптар	3	
	өзге тасымалдағыштар	4	

№ 1-ЭТ нысаны. Экстремизмге және терроризмге байланысты құқық бұзушылықтар туралы және прокурорлық қадағалау жағдайы туралы есеп.
3-тарау. Экстремисттік материалдарды, қаруларды, оқ-дәрілерді және жарылғыш заттарды алу туралы мәліметтер
Б кестесі. Терроризмге байланысты қылмыстық істер бойынша қаруларды, оқ-дәрілерді және жарылғыш заттарды алу туралы мәліметтер (террористік әрекетке байланысты қ/і бойынша)

Атауы			Қозғалған қылмыстық істер бойынша алынған қару, оқ-дәрі және жарылғыш заттар
А	Б		1
Қару, оқ-дәрі және жарылғыш заттардың барлығы		1	
олардың ішінен	қару	2	
	оқ-дәрі	3	
	жарылғыш заттар	4	

№ 1-ЭТ нысаны. Экстремизмге және терроризмге байланысты құқық бұзушылықтар туралы және прокурорлық қадағалау жағдайы туралы есеп.
4-тарау. Экстремизмге және терроризмге байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер

Атауы		Барлығы	соның ішінде					
			кәмелетке толмағандар	әйелдер	Қазақстанның азаматтары	ТМД азаматтары	шетелдіктер	азаматтығы жоқ адамдар
а	б	1	2	3	4	5	6	7
Әкімшілік жауаптылыққа тартылғандардың барлығы	1							
БАҚ өнімін, сол сияқты өзге де өнімді ҚР аумағында дайындау	2							

олардың ішінен	, сақтау, әкелу, тасымалдау, тарату (ҚР ӘҚБК 453-бабы)								
	қолданумен (1-3 жолдан):								
	айыппұл	4							
	қызметті тоқтату, тыйым салу	5							
	салынған айыппұл сомасы	6							
	өтелген айыппұл сомасы	7							

№ 1-ЭТ нысаны. Экстремизмге және терроризмге байланысты құқық бұзушылықтар туралы және прокурорлық қадағалау жағдайы туралы есеп

5-тарау. Экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимылды прокурорлық қадағалау жағдайы туралы мәліметтер

Атауы	Жолдың коды	барлығы
а	6	1
тексерулер жүргізілді	1	
заңдылықты бұзу анықталды	2	
нұсқамалар орындалды	3	
с.і. "Байланыс туралы" ҚР Заңының 41-1-баб. тәртібінде енгізілген	4	
наразылықтар қанағаттандырылды	5	
ұсынулар қаралды	6	
"Прокуратура туралы" Заңның 23-бабы 2-тармағының тәртібінде арыздар қанағаттандырылды	7	
ҚР АІЖК 317-6-баб. тәртібінде енгізілген, сот қанағаттандырған арыздар саны (7-жолдан)	8	
8-жолдан	"Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңының 12-баб. тәртібінде енгізілген, прокурордың қанағаттандырылған арыздарының саны	9

	экстремистік және террористік деп танылған ұйымдар саны	10	
	"Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңының 8-баб. тәртібінде енгізілген, прокурордың қанағаттандырылған арыздарының саны	11	
	"Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңының 21-баб. тәртібінде енгізілген, прокурордың қанағаттандырылған арыздарының саны	12	
ҚР АІЖК 317-9-баб. тәртібінде енгізілген, сот қанағаттандырған арыздар саны (7-жолдан)		13	
түсіндірулер берілді		14	
сақтандырулар жарияланды		15	
ден қою шаралары бойынша заңсыз актілердің күші жойылды және өзгертілді		16	
соның ішінде нормативтік құқықтық актілер		17	
тәртіптік жауаптылыққа тартылған адамдар саны		18	
әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамдар саны		19	
материалдық жауаптылыққа тартылған адамдар саны		20	
тексерулердің нәтижелері бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеру басталды		21	
ақпараттық-профилактикалық (түсіндіру) жұмысы (барлығы):		22	
22-жолдан	с.і. конференциялар, баспасөз-конференциялар, семинарлар, семинар-жиналыстар, дөңгелек үстелдер	23	
	с.і. БАҚ-да жарияланған барлық материалдар (баспада, радио бойынша, теледидер, ақпараттық агенттіктерде, веб-сайттарда)	24	
	с.і. халықпен жиындарда сөз сөйленді, дәрістер оқылды	25	

№ 1-ЭТ нысаны. Экстремизмге және терроризмге байланысты құқық бұзушылықтар туралы және прокурорлық қадағалау жағдайы туралы

есеп

5-тарауға 1-қосымша "Сот экстремистік немесе террористік деп таныған ұйымдар туралы мәліметтер"

Азаматтық істің нөмірі	Арызды сотқа жіберу күні	Арызды қарау нәтижесі	Сот шешімінің заңды күшіне ену күні	Экстремистік немесе террористік деп танылған ұйымдардың атауы
1	2	3	4	5

№ 1-ЭТ нысаны. Экстремизмге және терроризмге байланысты құқық бұзушылықтар туралы және прокурорлық қадағалау жағдайы туралы есеп

5-тарауға 2-қосымша "Сот экстремистік немесе террористік деп таныған Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын ақпараттық материалдар туралы мәліметтер"

Азаматтық істің нөмірі	Арызды сотқа жіберу күні	Арызды қарау нәтижесі	С о т шешімінің заңды күшіне ену күні	Экстремистік немесе террористік сипаттағы белгілері бар ақпараттық материалдың атауы	С о т экстремистік немесе террористік деп таныған материалдардың саны	Материалдың түрі
1	2	3	4	5	6	7

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2014 жылғы 9 қазандағы
№ 113 бұйрығына
2-қосымша

"Экстремизмге, терроризмге байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы және прокурорлық қадағалау жағдайы туралы"

№ 1-ЭТ есептің нысанын құрастыру және қалыптастыру жөніндегі Нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1. "Экстремизмге, терроризмге байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы және прокурорлық қадағалау жағдайы туралы" № 1-ЭТ есептің нысанын (бұдан әрі - № 1-ЭТ есеп нысаны) құрастыру және қалыптастыру жөніндегі Нұсқаулық "Мемлекетік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" 2003 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес әзірленді және экстремизмге, терроризмге байланысты құқық бұзушылықтар туралы және прокурорлық қадағалау жағдайы туралы есепті (бұдан әрі – есеп) құрастыруға және қалыптастыруға арналған.

2. Осы есептілік субъектілері Қазақстан Республикасының прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, Қарулы күштер және экономикалық тергеп-тексеру қызметінің органдары болып табылады.

3. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9744 санымен тіркелген Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығымен бекітілген Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы өтініштер мен хабарламаларды қабылдау және тіркеу, сонымен қатар Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімін жүргізу Ережесінің талаптарына сәйкес, № 1-ЭТ есептің 1, 2, 3-тарауларын қалыптастыру үшін қылмыстық қудалау органдарының қызметкерлері, қылмыстық істерді тергеп-тексеру функциялары берілген прокурорлар толтырған Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінің (бұдан әрі – СДТБТ) электрондық ақпараттық есепке алу құжаттары (бұдан әрі – ЭАЕҚ) негіз болып табылады.

4. № 1-ЭТ есептің 4-тарауын қалыптастыру үшін Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 10 қазандағы № 114 бұйрығымен бекітілген, Әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған адамдар туралы орталықтандырылған деректер қорын жүргізу жөніндегі Нұсқаулық талаптарына сәйкес қылмыстық қудалау органдарының қызметкерлері және әкімшілік тәжірибе субъектілері толтырған № 1-АВ, 1-АП нысанды ЭАЕҚ негіз болып табылады.

5. 5-тарау қалалық, аудандық, облыстық және оларға теңестірілген прокуратуралардың, Бас прокуратураның орталық аппараты құрылымдық бөлімшелерінің прокурорлары Бас прокуратураның "Қадағалау" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – "Қадағалау" АЖ) толтырған және белгіленген тәртіпте Бірыңғай біріздендірілген статистикалық жүйеге (бұдан әрі – ББСЖ ААЖ) жолданған "Әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдылықты прокурорлық қадағалау тексерулерін және актілерін есепке алу нысаны" ЭАЕҚ (бұдан әрі - № 1 ЭАЕҚ) мәліметтері негізінде қалыптастырылады.

6. № 1-ЭТ есебі нысанының 5-тарауын Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық органдары қалыптастырады.

7. Комитеттің аумақтық органдары ЭАЕҚ құрастыру толықтығына, оларда бейнеленетін мәліметтер анықтығына бақылауды жүзеге асырады.

8. ЭАЕҚ бейнеленетін мәліметтердің толықтығына және анықтығына, оларды ББСЖ ААЖ-не уақытылы енгізуге және ұсынуға ЭАЕҚ-н толтырған прокурорлар, сондай-ақ аудандық/қалалық/облыстық прокурорлар, ЭАЕҚ -на қол қойған Бас прокуратураның орталық аппараттының құрылымдық бөлімшелерінің басшылары жауапкершілік жүктейді.

9. № 1-ЭТ есеп нысаны өңірлер бойынша жиынтық есептен және осы өңірдің құқықтық статистика және арнайы есепке алудың әрбір субъектісі бойынша есептерден тұрады.

2. Экстремизмге, терроризмге байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы және прокурорлық қадағалау жағдайы туралы есеп нысанын ұсыну мерзімі

10. Есеп нысанының 1-3-тарауларын Комитет ББСЖ-нде Комитеттің автоматтандырылған деректер қорындағы статистикалық қиманы бекіткеннен кейін қалыптастырады.

11. Есепті Комитет үдемелі қорытындымен тоқсан сайын қалыптастырады. Комитеттің аумақтық басқармаларының басшылары ЭАЕҚ-дың СДТБТ-нде өңделуін қамтамасыз етуге міндетті.

12. Аумақтық басқармалар орталық аппаратта түсірген СДТБТ мәліметтері негізінде Комитет тұтастай республика, өңірлер бойынша есептің 1, 2, 3-тарауларын және қылмыстық қудалау органдары бойынша есептер құрастырады.

13. Есептің 4-тарауын Қазақстан Республикасы сот органдарының Бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесінің статистикалық қиманы бекіткеннен кейін Комитеттің аумақтық органдары қалыптастырады.

14. 5-тараудың статистикалық қимасын "Қадағалау" АЖ-нен ББСЖ ААЖ-не берілген мәліметтердің толықтығына және анықтығына тексеру жүргізумен Комитеттің аумақтық органдары есептілік мерзімінен кейінгі айдың 4-күніне 15 сағатта растайды.

15. Облыстар бойынша жиынтық есепке Комитеттің аумақтық органдарының басшылары қол қояды (Комитет статистикалық қиманы бекіткеннен кейін), олардың жергілікті жерлерде сақталуын қамтамасыз етеді (Комитетке жолдамай). Түпнұсқалар және Комитеттің ББСЖ ААЖ деректері арасында айырмашылық болған кезде ББСЖ ААЖ деректері негізге алынады.

16. Комитет жиынтық есепті және әрбір қылмыстық қудалау органы бойынша есептерді Бас прокуратураның сәйкесінше департаменттеріне және құқықтық статистиканың мүдделі субъектілеріне есептілік мерзімінен кейінгі айдың 8-күніне ұсынады.

17. Егер мерзімнің аяқталуы жұмыс күніне келмесе (демалыс, мереке күндері), онда мерзімнің соңғы күні одан кейінгі бірінші жұмыс күні болып есептеледі.

3. "Экстремизмге, терроризмге байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер" 1-тарауды қалыптастыру

18. Есептің 1-тарауы қылмыстық істер есептілік мерзімінде өндірісте болған (тергеп-тексеру басталған, істі сотқа жолдаумен аяқталған, сотқа дейінгі

тергеп-тексеру мерзімі тоқтатылған, үзілген) қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтерден тұрады.

Жолдарда Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚК) баптарына және бөлімдеріне сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді.

19. 1-баған 1-тарауының А кестесінде есептілік мерзімінде істері өндірісте болған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

Аталған бағанда сондай-ақ есептілік мерзімінде тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар саны бейнеленеді.

Оларға есептілік мерзімінде тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар, сондай-ақ қылмыстық істі сотқа жолдау, мерзімін үзу немесе өндірісті тоқтату (есептен алынумен тоқтатылғандардан басқа) туралы есептілік мерзімінде алғаш рет іс жүргізу шешімі қабылданған немесе жоғарыда айтылған шешімнің бірде-біреуі қабылданбаған бұрынғы жылдардағы қылмыстық құқық бұзушылықтар бейнеленеді.

Қылмыстық құқық бұзушылықтар 1-бағанда есептілік мерзімінің соңына өндірісінде болған қылмыстық қудалау органының есебі бойынша, ал сотқа жолдау туралы іс жүргізу шешімі қабылданған, сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі үзілген немесе іс тоқтатылған және істің одан арғы қозғалысы туралы мәлімет жоқ істер бойынша – соңғы іс жүргізу шешімін қабылдаған орган есебі бойынша ескеріледі.

Қылмыстық құқық бұзушылықты тергеулігі бойынша беру кезінде 1-бағаннан шығарылып, қылмыстық істі қабылдаған органның есебінде бейнеленеді.

20. 2-бағанда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді кімнің: анықтау органының, тергеушінің, прокурордың бастағанына қарамастан, есептілік мерзімінде СДТБТ-не тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

21. Прокурор СДТБТ-не істерін тіркеген құқық бұзушылықтар есептің 2-бағанында және соның ішінде өндіріске берілген қылмыстық қудалау органы бойынша есептің 2-бағанынан 3-бағанында бейнеленеді.

4-бағанда 1-бағаннан істері сотқа дейінгі тергеп-тексерумен аяқталған қылмыстық құқық бұзушылықтар бөлініп көрсетіледі.

22. 5-бағанда істері тіркеу Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚПК) 305-бабы тәртібінде және ҚР ҚПК 518-бабы тәртібінде медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін сотқа жолданған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны бейнеленеді.

23. 6-бағанда істері есептілік мерзімінде алғаш рет тоқтатылған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны бейнеленеді.

24. 7-бағанда ҚР ҚПК 35-бабы 1-бөлімінің 3), 4), 9), 10), 11), 12)-тармақтары және 36-бабы бойынша істері алғаш рет тоқтатылған (есептен алмай) қылмыстық құқық бұзушылықтар көрсетіледі.

25. 8-бағанда 9-бағаннан ҚР ҚПК 35-бабы 1-бөлімінің 1), 2), 5), 6), 7), 8)-тармақтары бойынша істері тоқтатылған (құқық бұзушылықты есептен алумен) қылмыстық құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

26. 9-бағанда 8-бағаннан істері ҚР ҚПК 35-бабы 1-бөлімінің 1) және 2)-тармақтары бойынша тоқтатылған құқық бұзушылықтар саны бейнеленеді.

27. 10-бағанда рет есептілік мерзімінде алғаш рет сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі үзілген қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы саны бейнеленеді.

11, 12, 13, 14, 15, 16, 17-бағандарда 10-бағаннан есептілік мерзімінде алғаш рет сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі үзілген қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы саны бейнеленеді (ҚР ҚПК 45-бабы 7-бөлімінің 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7)-тармақтары бойынша).

28. 1-тараудың Б кестесінде негізгі қылмыстық істер бойынша тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер ескеріледі.

29. 1-бағанда есептілік мерзімінде өндірісте болған қылмыстық істер саны бейнеленеді.

30. 2-бағанда қылмыстық істер тек СДТБТ-не тіркеген орган бойынша есепте көрсетіледі.

31. 3-бағанда СДТБТ-не прокуратура органдары тіркеген қылмыстық істер ескеріледі.

32. 4-бағанда есептілік мерзімінде тергеулігі бойынша келіп түскен істер іскеріледі.

Тергеулігі бойынша түсуінің қайталануына қарамастан әрбір қылмыстық іс бір рет және іс қозғалысы туралы соңғы шешімді қабылдаған органмен есепке алынады.

33. 5-бағанда осы органның есебінен алынумен ергеулігі бойынша жолданған істер бейнеленеді.

6 және 7-бағандарда сот алдын ала тыңдау кезеңінен прокурорға қайтарған істер және прокурор қосымша тергеп-тексеруге қайтарған істер үдемелі қорытындымен бейнеленеді.

8, 9-бағандарда алғаш рет сотқа жолданған істер бейнеленеді. 10-13-бағандарда ҚР ҚПК 35, 36-баптарының негіздері бойынша алғаш рет тоқатылған істер бейнеленеді.

34. 14-бағанда есептілік мерзімінде алғаш рет сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі алғаш рет үзілген қылмыстық істердің жалпы саны бейнеленеді. 15-21-бағандарда 14-бағаннан ағымдағы есептілік мерзімінде алғаш рет мерзімі үзілген

қылмыстық істер саны бейнеленеді (ҚР ҚПК 45-бабы 7-бөлімінің 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7)-тармақтары бойынша).

35. 22-бағанда ағымдағы есептілік мерзімінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін ұзу туралы заңсыз және негізсіз қаулылардың күшін жою туралы прокурор қаулыларының саны бейнеленеді.

22-бағаннан 23-бағанға прокурор істі ұзу туралы заңсыз қаулының күшін жойғаннан кейін сотқа жолданған істер бөлініп көрсетіледі.

24-бағанда ағымдағы есептілік мерзімінде қылмыстық істі тоқтату туралы заңсыз және негізсіз қаулылардың күшін жою туралы прокурор қаулыларының саны бейнеленеді.

24-бағаннан 25-бағанға прокурор істі тоқтату туралы заңсыз қаулының күшін жойғаннан кейін сотқа жолданған істер бөлініп көрсетіледі.

36. Есептілік мерзімінің соңына процестік шешім қабылданбаған істердің қалдығы 26-бағанда көрсетіледі.

27-бағанда қосылған қылмыстық істердің саны бейнеленеді. Сонымен бірге ҚР ҚПК 35-бабы 1-бөлімінің 1), 2), 5), 6), 7), 8)-тармақтары бойынша тоқтатылған, қосылған қылмыстық істер бұл бағаннан шығарылуға жатпайды.

Қосылған істі есептен алынуымен тергеулігі бойынша бір органнан екіншісіне берген жағдайда берген орган қосылған істі 27-бағаннан шығарады, ал қабылдаған орган өзінің есебінің осы бағанында қайта бейнелейді.

4. "Экстремизмге және терроризмге байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған адамдар туралы мәліметтер" № 2-тарауды қалыптастыру

37. № 1-ЭТ нысаны есебінің 2-тарауы экстремизмге және терроризмге байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған адамдар туралы мәліметтерден тұрады.

Тараудың жолдарында ҚР ҚК баптары мен бөлімдеріне сәйкес құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді.

38. 1-бағанда экстремизмге және терроризмге байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған адамдар туралы мәліметтер бейнеленеді.

2-бағанда 1-бағаннан қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдар саны бөлініп көрсетіледі.

39. 1-бағаннан 3-29-бағандарда қылмыс жасаған адамдардың жеке санаттары бөлініп көрсетіледі: ертеректе қылмыс жасаған адамдар, әйелдер, Қазақстан Республикасының, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (бұдан әрі – ТМД) азаматтары, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ олардың жас топтары, жұмысының түрі, білімі.

5. "Экстремисттік материалдарды, қаруларды, оқ-дәрілерді және жарылғыш заттарды алу туралы мәліметтер" 3-тарауды қалыптастыру

40. Бұл тарауда қылмыстық істер бойынша экстремистік материалдарды алу туралы мәліметтер бейнеленеді.

Есептің тарауы "Экстремистік материалдарды алу туралы мәліметтер" А кестесінен және "Терроризмге байланысты қылмыстық істер бойынша қаруларды, оқ-дәрілерді және жарылғыш заттарды алу туралы мәліметтер" Б кестесінен тұрады.

А кестесінің жолдарында алынған экстремистік материалдардың атаулары туралы мәліметтер бейнеленеді.

41. Б кестесінің жолдарында алынған қарулар, оқ-дәрілер және жарылғыш заттар туралы мәліметтер бейнеленеді.

42. 1-бағанда қылмыстық істер бойынша алынған қарулар, оқ-дәрілер және жарылғыш заттардың жалпы саны бейнеленеді.

6. "Экстремизмге және терроризмге байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер" 4-тарауды қалыптастыру

43. Бұл тарау әкімшілік тәжірибе субъектілерінің экстремизмге және терроризмге байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау нәтижелері туралы мәліметтерді құрайды.

Кестенің жолдары Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексімен көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтардың тізбесінен тұрады.

44. 1-бағанда әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамдардың жалпы саны көрсетіледі.

45. 2-7 бағандарда 1-бағаннан кәмелетке толмағандар, әйелдер, Қазақстан Республикасының, ТМД азаматтары, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдардың саны бейнеленеді.

7. "Экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимылды прокурорлық қадағалау жағдайы туралы мәліметтер" есептің 5-тарауын қалыптастыру

46. № 1-ЭТ есеп нысанының 5-тарауы экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимылды прокурорлық қадағалау жағдайы туралы мәліметтерден тұрады, Бас прокуратураның "Қадағалау" ақпараттық жүйесінде қалалық, аудандық, облыстық прокурорлар, Бас прокуратураның орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелері электрондық түрде толтырған және белгіленген тәртіпте ББСЖ ААЖ-не берілген № 1 ЭАЕҚ негізінде қалыптасады.

47. Есепті қалыптастыруды ББСЖ ААЖ деректерінің негізінде Комитет және оның аумақтық басқармаларымен жүзеге асырады.

48. 1-жолда экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша заңнаманы қолдануға прокурор жүргізген тексерулердің жалпы саны көрсетіледі.

Тексерулер саны тексеру алдында қойылған және тексеру тағайындау туралы қаулыда көрсетілген міндеттердің тұжырымдамасына (жоғары тұрған прокурордың жұмыс жоспарындағы, тапсырмасындағы тұжырымдама) байланысты есептеледі.

Егер қолданылатын заңнаманы белгілі бір ведомствода тексеру міндеті қойылса және осыған байланысты тексеру тек бас ұйымда ғана емес, сондай-ақ бағынышты бөлімшелерде де жүргізілсе, онда ол бір акт ретінде ескеріледі.

Осы бөлімшелердің әрқайсысында дербес тексеру жүргізілген жағдайда олар бөлек (дербес) тексерулер ретінде есептелінеді.

Егер тексеруді төмен тұрған прокуратура жүргізсе, ал қадағалау актісін бұл органның құқықсыздығына байланысты жоғары тұрған прокуратура шығарса, онда тексеру оны іс жүзінде жүргізген органның есебінде, ал прокурорлық ден қою актісі оны шығарған органның есебінде ескеріледі.

49. 1-жолдағы деректер тексеруді өндірісі туралы қаулы және оның нәтижелері туралы анықтама, немесе тексеру нәтижелері туралы анықтаманың орнына осы тексерудің нәтижелері бойынша шығарылған прокурорлық қадағалаудың актісі болған жағдайда ескеріледі.

50. 2-жолда тексерулер кезінде анықталған заң бұзушылықтардың саны бейнеленеді.

Бұл жолдағы көрсеткішті есепке алу үшін прокурорлық ден қою актілері, сондай-ақ анықталған заңдылықты бұзушылық көрсетілген тексеру нәтижелері туралы анықтамалар негіз болып табылады.

51. 3-жолда заңды бұзушылыққа жол берген органның немесе лауазымды тұлғаның, немесе осы бұзушылықты жоюға құқылы органның немесе лауазымды тұлғаның нұсқаманы орындау туралы жазбаша хабарламасының негізінде ескерілетін, прокурордың жолдау уақытына қарамастан заң бұзушылықты жою туралы есептілік мерзімінде орындалған нұсқамалар саны бейнеленеді.

52. 4-жолда 3-жолдан "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 41-1-б. тәртібінде енгізілген, орындалған нұсқамалар саны бейнеленеді.

53. 5-жолда заңсыз актінің күшін жою немесе оны Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарға сәйкестендіру, сондай-ақ лауазымды адамның заңсыз әрекеттерін тоқтату және бұзылған құқықты қалпына келтіру туралы прокурордың талаптарын орындау туралы жазбаша хабарлама негізінде ескерілетін қанағаттандырылған наразылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді.

54. 6-жолда бұзушылықтарды жою бойынша шараларды қабылдаумен есептілік мерзімінде қаралған нұсқамалардың саны (оларды енгізу уақытына қарамастан) ескеріледі.

Бұл жолда есепке алу үшін прокурордың нұсқамаларын қарау нәтижелері және заң бұзушылықты жою бойынша қабылданған шаралар туралы лауазымды адамдардың немесе органдардың жазбаша хабарламалары негіз болып табылады.

55. 7-жолда "Прокуратура туралы" ҚР Заңының (бұдан әрі – Заң) 23-бабы 2-тармағының тәртібінде сот қанағаттандырған прокурор өтініштерінің саны көрсетіледі.

56. 8-жолда 7-жолдан Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі – ҚР АІЖК) 317-6-бабы тәртібінде енгізілген, сот қанағаттандырған прокурор өтініштерінің саны бейнеленеді.

57. 9-жолда 8-жолдан "Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңының 12-бабы тәртібінде енгізілген, сот қанағаттандырған өтініштер саны бейнеленеді.

58. 10-жолда 8-жолдан экстремистік және террористік деп танылған ұйымдардың саны бейнеленеді.

59. 11-жолда 8-жолда "Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңының 8-бабы тәртібінде енгізілген, қанағаттандырылған прокурор өтініштерінің саны бейнеленеді.

60. 12-жолда 8-жолдан "Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңының 21-бабы тәртібінде енгізілген, қанағаттандырылған прокурор өтініштерінің саны бейнеленеді.

61. 13-жолда 7-жолдан ҚР АІЖК 317-9-бабы тәртібінде енгізілген, сот қанағаттандырған өтініштер саны бейнеленеді.

62. 14-жолда Заңның 26-бабы тәртібінде берілген және прокурорлар органға немесе лауазымды адамға, немесе азаматқа жолдаған заңды түсіндіру ескеріледі.

14-жолда есепке алу Заңның көрсетілген нормасына сілтемемен Заңды жазбаша түсіндіру негізінде жүргізіледі.

Сонымен бірге прокурорлық қадағалау актісі ретінде Заңды түсіндіруді азаматтар мен заңды адамдардың өтініштеріне түсіндірмелік сипаттағы жазбаша жауаптардан ажыратқан жөн.

63. 15-жолда жарияланған сақтандырулар саны ескеріледі.

64. 16-жолда прокурорлық ықпал ету шаралары мен актілері бойынша күші жойылған және өзгертілген заңсыз құқықтық актілердің саны бейнеленеді (наразылықтар, нұсқамалар, ұсыныстар, Заңның 23-бабы тәртібінде қанағаттандырылған өтініштер және басқа прокурорлық қадағалау актілері).

65. 17-жолда 16-жолдан тексеру нәтижесінде өзгертілген және күші жойылған нормативтік құқықтық актілер ескеріледі.

66. 16 және 17-жолдардағы деректер заңсыз әрекеттердің күшін жою және өзгерту жөніндегі прокурор талаптарын қарау және орындау туралы жазбаша хабарлама және осы деректерді растайтын құжаттардың көшірмелері негізінде ескеріледі.

67. 18, 19 және 20-жолдарда прокуратураның қаулылары және нұсқамалары бойынша тәртіптік, әкімшілік және материалдық жауаптылыққа тартылған адамдар саны бейнеленеді.

68. 18-20-жолдарда есепке алу растайтын құжаттарды (бұйрықтарды, қаулыларды) тіркеумен кінәлілерді сәйкесінше жауаптылыққа тарту туралы лауазымды адамдардың немесе органдардың жазбаша хабарламалары болған кезде жүргізіледі.

69. 21-жолда прокурорлардың тексеру нәтижелері бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

70. 22-25-жолдарда экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша прокурор жүргізген ақпараттық-профилактикалық (түсіндірмелік) жұмысы туралы мәліметтер бейнеленеді.

71. № 1-ЭАЕК 21-22.6 деректемелерінің мәліметтері негізінде "Сот экстремистік немесе террористік деп таныған ұйымдар туралы мәліметтер" 5-тараудың 1-қосымшасы және "Сот экстремистік немесе террористік деп таныған Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын ақпараттық материалдар туралы мәліметтер" 5-тараудың 2-қосымшасы қалыптастырылады.